

"Қарашығанақ мұнайгаз конденсаты кен орны мұнайын экспорттауды кедендік декларациялаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 11 маусымдағы № 294 бүйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 914 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 25 қыркүйекте № 21273 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қарашығанақ мұнайгаз конденсаты кен орны мұнайын экспорттауды кедендік декларациялаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 11 маусымдағы № 294 бүйрығының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7750 болып тіркелген, 2012 жылғы 11 тамызда "Егemen Қазақстан" газетінде жарияланған № 495-500 (27573)).

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінде интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бүйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі

Е. Жамаубаев